

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕПЕ-
ТЕНДІК ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ**

жоспары


- 1. Макроэкономикалық тепе- теңдік: түсінігі, үлгілері.
- 2. Экономикалық өсу: мәні, көрсеткіштері және факторлары. Экономикалық өсудің жаһандық тенденциялары.
- 3. Қазақстан экономикасының дамуының басымды бағыттары.

Нарықтық экономикада барлық өндірілген өнімдер (жиынтық өнімдер) тауар (**жиынтық ұсыным**) болуы керек, ал барлық табыстар (жиынтық табыс) жұмсалуды (**жиынтық сұраныс**) керек және де тауармен қамтамасыз етілуі керек (**жиынтық тұтыну**).


Тек осындай жағдайда төлем қабілеттігі бар сұраныс және тауарлық ұсыным көлемі сәйкес болады.

Нарықтық экономиканың мұндай жағдайы **экономикалық тепе-теңдік** болып табылады.


- **Жиынтық сұраным** - тауар мен қызмет көрсетудің әртүрлі көлемін байқататын модель. Сондықтан тұтынушы, кәсіпорын және Үкімет кез келген баға деңгейінде сатып алуға дайын.



Жиынтық ұсыным - кез-келген баға деңгейіндегі нақты өндіріс.



P




AS


E

AD

Q



Экономистер көптеген жылдар бойы және қазіргі кезде де тепе теңдік динамикасы үлгісін іздестірумен айналысқан және айналысуда. Себебі ол бірін-бірі жоққа шығаратын екі тенденцияны қосады: экономикалық тепе-теңдік және экономикалық динамика.



Тепе-теңдік динамикасы моделі классикалық және кейнстік болып бөлінеді.

* Классикалық моделдің өкіліне француз экономисі Жан Батист Сэйді (1772-1823) жатқызамыз. Оның айтуынша барлық қоғам тек өндірушілерден тұрады (олар сондай-ақ тұынушы болып та табылады). Сөйтіп өзі өндірмеген басқа тауарларды сатып алу үшін өзінің тауарын сатады. Демек, табыс шығынға тең. Сондықтан сұраным мөлшері ылғи ұсынымға тең.

Алайда тұтынушы саны ылғида өндіруші санынан асып отырады және табыс толық жұмсалмайлы (бір бөлігі жинақтауға айналады, өндіруші шығынның бір бөлігін займ (несие) есебінен жүзеге асырады).

Жинақтау тұтынушының жиынтық табысының бір бөлігі ретінде экономикалық шеңбер айналымынан шығып қалады. Сондықтан олар сұранымға айналмайды.

Демек жинақтау макроэкономикалық тепе – теңдікті бұзады.


- Кейнстік модель табыс қозғалысының басқаша құрылымын қарастырады: «табыстар-сұраным», бірақ «табыстар - жинатау» емес.

Дж. Кейнс мынаны көрсетті: тепе-тендік жағдайына жету инфляция, жұмыссыздық пен жене өндірістің төмендеуімен сайма-сай келеді.


Экономикалық өсім - экономикадағы нақты табыстың өсуі (ЖҰӨ, ЖІӨ немесе ҰТ), сонымен қатар белгілі бір уақытта жан басына шаққандағы өндірілген өнім болып табылады.

Экономикалық өсу факторларына:

- табиғи шикізаттар,
- еңбек ресурстары,
- негізгі капитал көлемі,
- жиынтық шығындар деңгейі,
- технология,
- шикізаттарды тиімді пайдалану жатады.



Экономикалық өсудің қазіргі типінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның артта қалуы XXшы ғасырдың 50-ші жылдары басталған ғылыми-техникалық революция дамуының сәйкестігімен байланыстырылады.



Экономикалық өсу сапалық жаңа дәрежеге көтерілді және ол FTR жағдайында өндірістің интенсификациялау негізінде жүзеге асады.

- Экономикалық өсу экономиканың бір қалыпты оң қозғалысын және оның әлеуметтік-экономикалық прогресін көрсетеді. Мұндай прогрестің жалпы критеріі өндіргіш күштердің даму деңгейі болып табылады.

Өндіріс пен тұтыну арасындағы қайшылық жалпы негізгі және қозғаушы күш болып табылады, тұтыну өндірісті ынталандырады, екінші жағынан өндірістің өзі жаңа тұтынуды қалыптастырады – сөйтіп қайталанып отыратын процесс. Бұл қайшылық – оның қоғамдық түріне тәуелсіз ең жалпылама және өндіріс дамуының табиғи негізі.

- Экономикалық өсудің жаңа сапалық белгісі
- өндірістің прогрессивті құрылымының құрылуымен, ғылымды қажет ететін салалардың үлес салмағының артуымен тусіндіріледі. Олар FTP нәтижелерін өндіруді және қамтамасыз етуді жүзеге асырады .
- Экономикалық өсудің қайнар көзі – экономикалық ресурстар, экономикалық мүдделер мен ынталандыру жатады. Олар атқаратын қызметтің көлемін ұлғайтуға және сапасын арттыруға белгілі уақыт кезеңінде барынша мүмкіндік жасайды.
- Экономикалық өсудің сапалық жаңа типінің негізгі қайнар көзі - экономикалық саясат.

- Экономикалық дамудың ерекше қайнар көзі инвестиция (күрделі қаржы) болады. Бүгін салынған қаржы көлемі келешектегі табысты ұлғайтуды көздейді.
- Экономикалық өсудің сапалық жаңа типінің түпкі мақсаты адам болып табылады. Оның FTR жетістігімен қаруланған білімін, еңбегін де айта аламыз. Сондай-ақ ол әлеуметтік-экономикалық прогрестің басты критеріі болмақ.




Экстенсивті

ресурстарды тартуда өзінің еңбек өзгертпейді.

қосымша

өзінің өнімділігін

Интенсивті өсім- өндірістің жаңа технологиясын қолданса да шығындар көлемін өсірмейді. Интенсивті өсім халақтың жағдайын жақсартуға негіз бола алады.



Қазақстан экономикасының дамуының негізгі бағыттарының бірі экономикалық өсу болып табылады, ол тек қана Қазақстандықтардың жағдайын жақсартып қана қоймай сонымен қатар Қазақстанды әлемдік экономикаға тиімді еруге мүмкіншілік береді.